

Экономикалық саясаттың кейбір мәселелері туралы

Қазақстан Республикасының Премьер-Министрінің Өкімі 1999 жылғы 9 сәуір N 46-ө

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ұлттық Банкінің теңгенің айырбас бағамының алдағы уақыттағы саясаты туралы бірлескен мәлімдемесіне сәйкес:

1. Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігі (М.Қ.Әблязов), Мемлекеттік кіріс министрлігі (З.Х.Кәкімжанов) үш күндік мерзім ішінде белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Үкіметінің мына қаулыларын тоқтату туралы Үкімет қаулысының жобасын енгізсін:

"Тауарлардың импорты кезінде уақытша шектеулер енгізу туралы" 1998 жылғы 31 желтоқсандағы N 1376 ;

"Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 31 желтоқсандағы N 1376 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 1999 жылғы 4 ақпандағы N 83;

"Экономикалық жағдайды тұрақтандыру және отандық тауар өндірушілерді қорғау жөніндегі шаралар туралы" 1999 жылғы 5 ақпандағы N 88

"Экономикалық жағдайды тұрақтандыру және отандық тауар өндірушілерді қорғау жөніндегі шаралар туралы" 1999 жылғы 5 ақпандағы N 89;

2. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі (З.Х.Кәкімжанов), Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігі (М.Қ.Әблязов), Қаржы министрлігі (О.Ә.Жандосов), Ауыл шаруашылығы министрлігі (Ж.С. Кәрібжанов), Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі (Н.А.Коржова), Қазақстан Республикасының Экономикалық жоспарлау жөніндегі агенттігі (Р.В.Солодченко), Қазақстан Республикасының Табиғи монополияны реттеу және бәсекені қорғау жөніндегі агенттігі (Н.В.Радостовец) теңгенің еркін өтімді бағамына көшу режиміне байланысты:

- қазақстандық тауарлар мен қызмет көрсетулердің бәсекелестік қабілетін қамтамасыз ету, кәсіпорындары мен экономиканың экспорттық және импортты алмастырушы секторларында жұмыс істейтін өзге де ұйымдардың тиімді қызметі, тариф саясаты мен баға құрудың тұрақтылығы үшін жағдай жасау;

- экспорттық-импорттық кеден операцияларына бақылауды күшейту;

- олардың зардаптарын жұмсарту және бірінші кезектегі тәртіппен халықтың бюджеттен алатын кірісі төмен жекелеген жіктерінің мүмкін болатын жоғалтуларын өтеу жөніндегі тиісті шараларды пысықтасын.

3. Мониторингті жүзеге асыру және Қазақстан Республикасының

Үкіметі мен Ұлттық Банкінің теңгенің айырбас бағамының одан арғы саясаты туралы бірлескен мәлімдемесі мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Ұлттық валютаның айырбас бағамының саясаты туралы" 1999 жылғы 3 сәуірдегі N 360 қаулысына сәйкес теңгенің еркін өзгермелі еркін айырбас бағамына көшуіне байланысты ел экономикасында болып жатқан процестерді реттеу мақсатында:

1) мына құрамда жұмыс тобы құрылсын:

Павлов Александр - Қазақстан Республикасы
Сергеевич Премьер-Министрінің орынбасары (жетекші)

Әбітаев Есберген - Қазақстан Республикасының Энергетика,
индустрия және сауда бірінші вице-
министрі,

Аймағамбетов - Қазақстан Республикасының
Көпжасар Төленұлы Премьер-Министрі Кеңсесінің
Қаржы-экономикалық сараптама бөлімі
меңгерушісінің орынбасары

Аханов Серік - Қазақстан Республикасының Қаржы
Ахметжанұлы вице-министрі

Антропов Петр - Қазақстан Республикасының
Константинович Премьер-Министрі Кеңсесінің Ақпарат және
талдау бөлімі меңгерушісінің орынбасары

Бейсембетов - Ұлттық Банк төрағасының орынбасары
Ескендір (келісім бойынша)
Қалыбекұлы

Бұқанов Марат - Қазақстан Республикасының Ішкі істер
Әбдіқалұлы министрлігі 9-департаментінің бастығы

Коржова Наталья - Қазақстан Республикасының Еңбек және
Артемовна халықты әлеуметтік қорғау министрі

Құзатбеков Науатбек - Қазақстан Республикасының

Бұлтбекұлы Премьер-Министрі Кеңсесінің Ұйымдастыру,
бақылау және қауіпсіздік бөлімі
меңгерушісінің орынбасары

Күлекеев Жақсыбек - Қазақстан Республикасы Статистика
Әбдірахметұлы жөніндегі агенттігінің төрағасы

Нұрпейісов Қайрат - Қазақстан Республикасының Мемлекеттік
Айтмұхамбетұлы кіріс вице-министрі

Радостовец Николай - Қазақстан Республикасы Табиғи
Владимирович монополиялар және бәсекені қорғау
жөніндегі агенттігінің төрағасы.

2) жұмыс тобы теңгенің еркін өзгермелі айырбас бағамына көшуінің әлеуметтік зардаптарын жұмсарту, қазақстандық, экономиканың бәсекелестік қабілеттілігін қалпына келтіру, елдің сыртқы сауда балансын жақсарту және экономикалық өсуді қайта жаңарту үшін алғы шарттар жасауға арналған жедел шаралар мен шешімдерді талдауды және пысықтауды қамтамасыз етсін;

3) облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері сауда нүктелерінде теңгемен көрсетілген тауарлар мен қызмет көрсетулерге арналған бағалар туралы ақпараттардың болмауы жағдайларына жол бермесін;

4) Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі (келісім бойынша), Статистика жөніндегі агенттігі, Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу және бәсекені қорғау жөніндегі агенттігі, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері болып жатқан процестер туралы ақпараттарды тұрақты түрде жинауды, қорытуды және мына мекен-жай:

Е - m a i l : g o v r k @ g l o b a l . k z

факс: 8-3172-32-33-20 бойынша Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңсесіне ұсынууды ұйымдастырсын.

4. Қазақстан Республикасының Экономикалық жоспарлау жөніндегі агенттігі (Р.В.Солодченко) Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998-2000 жылдарға арналған іс-қимыл бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары туралы" 1998 жылғы 19 ақпандағы N 119 және "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 19 ақпандағы N 119 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу

туралы" 1999 жылғы 5 ақпандағы N 86 қаулыларына тиісті өзгерістер мен толықтырулар енгізсін.

5. Осы өкімнің атқарылуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары А.С.Павловқа жүктелсін.

Премьер-Министр

Оқығандар:

Қобдалиева Н.

Омарбекова А.